



Бекітемін: _____
ЖК «Мендыгазиев» _____ » жеке
бөбекжай меңгерушісі: Г.С.Жиенбаева

Бекітемін: _____
ЖК «Мендыгазиева», «Айлин-3» жеке
бөбекжай әдіскері: Г.Ж.Сагингалиева

№1 педагогикалық кеңестің шешімімен бекітілді.
Хаттама №1 29.08.2025ж

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі
тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025-2026 оқу жылына
арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары
«Сұңқар» кіші тобы

Тәрбиешілер: А.Т.Төлеубаева

Э.Е.Қанатова

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2025-2026 оқу жылына арналған**

ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
Білім беру ұйымы : ИП Мендыгазиева жеке бөбекжай «Айлин-3»
Топ/сынып: «Сұңқар» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар. Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айкастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму; тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып) Негізгі қимылдар: педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта жүгіру Бір орында тұрып екі аяқтап секіру Кедергілі жазықтың бетімен, еңіс тақтайдың үстімен еңбектеу Екі қолмен 1-1,23 м арақашықтықтағы (көлденең) нысанаға (кеуде тұсынан, төменнен, жоғарыдан (қағып алмай) доптарды домалату Жиектері шектелген тура жолақпен (ені 20-23 см, ұзындығы 2-2,3 м) гимнастикалық орындықтың үстімен жүру Мәдени-гигиеналық дағдылар. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге, ілгектің әр түрлерін қолдана білуді жаттықтыру. Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгіспеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: балаларды серуен кезінде ультракүлгін сәуленің әсерінен ауа, су шараларының үйлесімділігімен шынықтыру;	бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүреді; бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр) бойымен, арқан бойымен, тура жолмен, бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың бойымен тепе-теңдік сақтап жүруді орындайды; сапта бір-бірден алаңның бір жағынан екінші жағына, бірқалыпты, аяқтың ұшымен жүгіреді; заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа (2,5-5 метр қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5-2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтырады;

	Дербес қимыл белсенділігі. Ересектердің көрсетуі бойынша кейбір қимылдарды орындайды, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындай алады. Спорттық жаттығулар: велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедке отырғызу, ересектердің көмегімен және көмегісіз түсіру, ересектердің көмегімен және өзбетімен рөлді басқару;	
Тіл дамыту	Тіл дамыту айналасындағы адамдардың сөзін есту және тыңдау, түрлі дыбыстарды саралау, дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажырата білуді Сөздік қор. Балаларды заттардың қасиеттері мен олармен әрекеттердің атауын айтуға, тілдік қарым-қатынасқа, ауызша сөйлеуге, зат есімдерді, сын есімдерді қолданып, заттарды (киімдер, ыдыстар) сипаттауға үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды педагогтің сөзін түсінуге, сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдерді етістіктермен, сын есімдермен бірге қолдануға, зат есімнің көпше түрін пайдалануға, сөздерді дұрыс айтуды ескере отырып, сөз тіркестерін (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) құрауға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Балаларды ересектердің сөзін тыңдай білуге; ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту; қарапайым (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және бірте-бірте күрделі (Нені ұстады? Нені әкеледі?) сұрақтарға жауап беруге, көркем сөзді эмоциялы қабылдауды, балалар әдебиеті шығармаларының бейнесін және мазмұнын түсінуге, қысқа тақпақтар мен санамақтарды жатқа айта білуге үйрету.	1. Айналасындағы адамдардың сөзін тыңдай алады, түрлі дыбыстарды, дауыстың қаттылығы мен жылдамдығын ажыратады. 2. Сөздік қоры молаяды: заттардың қасиеттері мен әрекеттердің атауларын атай алады, заттарды сипаттауда зат есімдер мен сын есімдерді қолдана алады.
Көркем әдебиет	ертегі, әңгіме кейіпкерлеріне, оқиғаларға жанашырлық білдіруді; кейіпкерлермен тақпақтардың мазмұнын, ырғақты ойындарды қайталауды эмоциялы қабылдауды; ересектердің тақпақтарды, өлеңдерді, әңгімелерді оқуына, кітаптарды көрсету, ертегілерді әңгімелеуіне тұрақты қызығушылық танытуды қалыптастыру	1.Ертегі,әңгіме кейіпкерлеріне және оқиғаларға жанашырлық білдіреді. 2.Кейіпкерлермен бірге тақпақтардың мазмұнын, ырғақты ойындарды қайталап, эмоционалды түрде қабылдайды. 3.Ересектердің өлең, тақпақ, әңгіме оқуына

		қызығушылық танытады, кітаптарды қарауға, тыңдауға тұрақты ынта білдіреді. 4.Көркем мәтіндерді тыңдауға, мазмұнын түсінуге және кейіпкерлердің әрекетіне пікір білдіруге дағдыланады.
Сенсорика	заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау; көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды;	— Заттар мен құралдарды дұрыс қолданады, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйеніп тапсырмаларды орындайды; — Заттарды көлемі, пішіні, түсі бойынша топтастырады.
Құрастыру	құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруға үйрету; әртүрлі түстегі және пішіндегі геометриялық пішіндерден тұратын ағаш, пластмасса құрылыс материалдары; материалдар (текшелер, кірпіштер), олардың әртүрлі пішіндері, көлемі, үстел үстіндегі жазықтықта әртүрлі жағдайда орналасуы (кірпіш жатыр, тұр);	– Құрылыс материалдары мен ірі конструктор бөлшектерін қолдана отырып құрастырады; – Геометриялық пішіндерді (түсі, пішіні әртүрлі) ажыратады және пайдаланады; – Заттардың орналасуын (жатыр, тұр) түсінеді және дұрыс қолданады.
Қоршаған әлеммен таныстыру	Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету. Көкөністер мен жемістер туралы (қызанақ, қияр, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру; бір-бірінің атын атап, қарым-қатынас жасай алуы, жолдастарының есімдерін есте сақтау	– Жануарлар мен өсімдіктер туралы қарапайым түсінік қалыптастырады; – Жануарлардың дене бөліктерін (танау, құйрық, аяқ) ажыратып атай алады; – Көкөністер мен жемістерді (қызанақ, қияр, алма) таниды; – Топтастарымен қарым-қатынас жасап, есімдерін есте сақтайды.
Сурет салу	балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту;	– Баланың бейнелеу өнеріне қызығушылығы

	түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және түйықталған дөңгелек сызықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету (жаңбыр, қар, жол, түтін), парақ бетінде бейнені орналастыру;	артады; – Түрлі сызықтарды (түзу, толқын, дөңгелек т.б.) сыза алады; – Сызықтарды ырғақты қайталап жүргізеді; – Парақ бетінде бейнені дұрыс орналастыра біледі.
Мүсіндеу	балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру;	– Сазбалшық пен ермексаздың қасиеттерін біледі; – Олармен жұмыс істеу дағдылары қалыптасады; – Ермексазды илеу, созу, домалақтау сияқты тәсілдерді қолдана алады.
Жапсыру	Фланелеграфта бейнелеуді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету. Фланелеграфтің кенебін қолдану арқылы геометриялық пішіндерді, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық бас киімдерін, тағы басқа орналастыру.	- Фланелеграфта сызықтар мен шаршы бейнелерін қағаз бетіне дұрыс қоюға үйретеді. - Кенебін пайдаланып геометриялық пішіндер, машиналар, үйлер, доптар, гүлдер, қазақ ұлттық бас киімдерін және басқа да заттарды құрастыруды дамытады.
Музыка	Музыка тыңдау: 1) музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру; Ән айту: 1) ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту, аспаптардың шығаратын және ересектің ән айтуына келтіріп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру; Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау; қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу;	- Музыка тыңдауға қызығушылықты оятып, түрлі жанрдағы музыкаларды тыңдау ережесін үйретеді (ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер). - Ән айтуға ынталандырып, тәрбиешінің дауыс ырғағын қайталауға үйретеді, ән сөздерін дұрыс, табиғи және буындарға бөле отырып айтуға

		көмектеседі.
--	--	--------------

Қазан айы 2025жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар. Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму; тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып) алға, жанына, артқақадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою; табандарды бұғу (жазу) Негізгі қимылдар: бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта жүгіру, шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен, бағытты өзгертіп, 30-20 сек бойына үзіліссіз жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу; Бір орында тұрып екі аяқтап секіру, 10-13 см биіктен секіру. Кедергілі ,жазықтың бетімен, еңгіс тақтайдың үстімен еңбектеу, үстел, арқанныңастымен нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Екі қолмен 1-1,23 м арақашықтықтағы (көлденең) нысанаға (кеуде тұсынан, төменнен, жоғарыдан (қағып алмай)доптарды домалату, доптарды бір-бірінедомалату. Жиектері шектелген тура жолақпен (ені 20-23 см, ұзындығы 2-2,3 м) гимнастикалық орындықтың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық орындыққа, жұмсақ модульге және тағы басқа), тұру, қолын жоғары көтеру, түсу; Мәдени-гигиеналық дағдылар. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге, ілгектің әр түрлерін қолдана білуді жаттықтыру. Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Жолдасының киіміндегі ұқыпсыздықты көруге және оған өз көмегін ұсынуға үйрету. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгіспеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру. Жуыну туралы қысқа өлеңдерді немесе тақпақтарды үйрету, оларды ересектермен немесе өз бетінше қайталау. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: балаларды серуен кезінде ультракүлгін сәуленің әсерінен ауа, су шараларының үйлесімділігімен шынықтыру;	педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру бағытты өзгерте отырып жүру, жүруден жүгіруге ауысу, бағдар бойынша жүру (кілемнің бойымен, жіпке дейін), кедергілерден аттап жүру.

	Дербес қимыл белсенділігі. Ересектердің көрсетуі бойынша кейбір қимылдарды орындайды, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындай алады. Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедке отырғызу, ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсіру, ересектердің көмегімен және өзбетімен рөлді басқару;	
Тіл дамыту	Айналасындағы адамдардың сөзін есту және тыңдау, түрлі дыбыстарды саралау, дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажырата білуді. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды (ызың және үндіден басқа) еліктеу сөздерін қолдана алу. Балаларды заттардың қасиеттері мен олармен әрекеттердің атауын айтуға, тілдік қарым-қатынасқа, ауызша сөйлеуге, зат есімдерді, сын есімдерді қолданып, заттарды (киімдер, ыдыстар) сипаттауға үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды педагогтің сөзін түсінуге, сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдерді етістіктермен, сын есімдермен бірге қолдануға, зат есімнің көпше түрін пайдалануға, сөздерді дұрыс айтуды ескере отырып, сөз тіркестерін (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) құрауға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Балаларды ересектердің сөзін тыңдай білуге; ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту; қарапайым (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және бірте-бірте күрделі (Нені ұстады? Нені әкеледі?) сұрақтарға жауап беруге, көркем сөзді эмоционалы қабылдауды, балалар әдебиеті шығармаларының бейнесін және мазмұнын түсінуге, қысқа тақпақтар мен санамақтарды жатқа айта білуге үйрету.	Балалар айналасындағы дыбыстарды және сөздерді дұрыс естіп, ажырата алады. -Заттардың атауын, қасиеті мен әрекетін айтып, қарапайым сөйлем құрастырады. - Зат есімдерді, сын есімдер мен етістіктерді дұрыс қолданады, көпше түрін біледі. -Қарапайым және күрделі сұрақтарға жауап беріп, тілдік қарым-қатынас жасайды. -Әдеби шығармаларды түсініп, қысқа тақпақтар мен санамақтарды жатқа айтады.
Көркем әдебиет	Ертегі, әңгіме кейіпкерлеріне, оқиғаларға жанашырлық білдіруді; кейіпкерлермен тақпақтардың мазмұнын, ырғақты ойындарды қайталауды эмоционалы қабылдауды; таныс тақпақтарды қайталауды; ойыншықтарды қолданып, мазмұны күрделі емес ойындарға қатысуды үйрету.	Балалар ертегі кейіпкерлеріне және оқиғаларға жанашырлық танытады, тақпақтар мен ырғақты ойындарды эмоциямен қабылдап, қайталайды; таныс тақпақтарды есте сақтап, еркін айта алады; ойыншықтарды пайдаланып, қарапайым ойындарға белсенді қатысады.

Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау менүлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау; Көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды; Түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі түсі, әртүрлі көлемі, неғұрлымұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.	Балалар заттар мен құралдарды дұрыс қолданып, ауызша нұсқауларды орындауды меңгереді; заттарды көлемі, пішіні мен түсіне қарай топтастыруды үйренеді;
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруға үйрету; әртүрлі түстегі және пішіндегі геометриялық пішіндерден тұратын ағаш,пластмасса құрылыс материалдарын қолдануды үйрету; қарапайым түрде бөгет жасай отырып, кірпіштерді түрліше үйлестіріп орналастыру туралы білімдерін қалыптастыру.	Геометриялық пішіндерді салыстырып, іріктеуді жетілдіреді; құрылыс материалдары мен конструктор бөлшектерінен қарапайым бөгеттер жасап, оларды үйлестіре отырып орналастыра алады.
Қоршаған әлеммен таныстыру	Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету. Көкөністер мен жемістер туралы (қызанақ, қияр, алма) қарапайым түсініктерін қалыптастыру; Ауладағы ересектердің еңбегін, аулаға ұшып келетін құстарды, маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау. Қоршаған табиғаттың сұлулығын қабылдау. Бір-бірінің атын атап, қарым-қатынас жасай алуы, жолдастарының есімдерін есте сақтауды дамыту	Балалар жануарлар мен өсімдіктер туралы бастапқы түсініктерге ие болып, оларға қамқорлық жасауға тәрбиеленеді; жануарлардың дене бөліктерін ажыратып, атай алады;
Сурет салу	Бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту мен көркемдік қабылдауларын дамыту; Түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сызықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету (жаңбыр, қар, жол, түтін),парақ бетінде бейнені орналастыруды жетілдіру; Ашық түсті бояуларға деген эмоционалды - эстетикалық қатынасын тәрбиелеу	Көкөністер мен жемістер туралы қарапайым білім алады; табиғаттағы құбылыстарды байқай отырып, қоршаған ортаға қызығушылық танытады; өз әріптестерінің атын есіне сақтап, қарым-қатынас жасай алады.
Мүсіндеу	Сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру; Техникалық дағдыларды қалыптастыру: заттардың қарапайым және одан да күрделі пішіндерін мүсіндеу дағдыларын дамыту	Балалар бейнелеу әрекетіне қызығушылық білдіріп, түрлі сызықтарды дұрыс жүргізіп, бояуларға эстетикалық көзқарас қалыптастырады; сазбалшықпен жұмыс істеу және мүсіндеу дағдыларын жетілдіреді.
Жапсыру	Фланелеграфта бейнелеуді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету. Фланелеграфтің кенебін қолдану арқылы геометриялық пішіндерді, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық бас киімдерін, тағы басқа заттарды орналастыруды меңгерту.	Балалар фланелеграфта сызықтар мен фигураларды дұрыс бейнелеп, қағаз бетіне орналастыра алады. Фланелеграф кенебін пайдаланып,

		геометриялық пішіндерді, машиналар, үйлер, доптар, гүлдер және ұлттық бас киімдер сияқты заттарды дұрыс құрастырып, орналастыруды меңгереді.
Музыка	Музыка тыңдау: Эннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын, түрлі ырғақты, түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау мен әуендерді тани білу дағдыларын қалыптастыру; Ән айту: 1) ән айтуға қызығушылықты дамыту, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылық дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту, аспаптардың шығаратын және ересектің ән айтуына келтіріп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру; Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Бубенмен, сылдырмақпен, бірқалыпты ырғақты, түрлі бейнелік қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу дағдыларын жетілдіру; музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып, шеңбермен жүру дағдыларын қалыптастыру;	Балалар музыканы тыңдап, әуендерді, ырғақтарды және түрлі аспаптардың дыбыстарын танып, әннің мағынасын түсінеді. Ән айтуға қызығушылық дамып, дұрыс дауыспен, ырғақты еліктеп, сөздерді анық айта алады. Музыкалық құралдармен (бубен, сылдырмақ) ырғақты қозғалыстар жасап, қарапайым би қимылдарын орындайды. Музыканың сүйемелдеуімен жүру, жүгіру, жұптасып және шеңбермен қозғалу дағдылары қалыптасады.

Қараша айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу. Негізгі қимылдар: Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру. заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге): тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу; Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта жүгіру.	Балалар қол қимылдарын дұрыс орындап, қолды әртүрлі бағытқа көтеруді меңгереді. Олар жүру мен жүгірудің негізгі қозғалыстарын, сонымен қатар гимнастикалық жаттығулар мен нысанаға лақтыруды орындай алады. Қозғалыстарды үйлестіріп, тепе-теңдік пен икемділікті жақсартады, өз

	Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,3-1,3 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру; Бір орында тұрып қос аяқпен секіру. Мәдени-гигиеналық дағдылар. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Шынықтыру шараларын өткізу. Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру). Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету. Дербес қимыл белсенділігі. Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл	денесін сенімді басқара алады.
--	---	---------------------------------------

	белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.	
Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, естуқабілетінің дамуына ықпал ету. Сөздік қорды қалыптастыру. Заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.	Балалар сөйлеу дағдыларын дамытып, дыбыстардыдұрыс айта алады,тыныс алу мен есту қабілеті жақсарады.Сөздік қорысынесімдер арқылыбайиды, заттардыңтүсі, пішіні,көлемі туралы айта алады. Зат есімдердің көпше түрін дұрыс қолданады, сөйлемдерді байланыстырып құрастырады. Қарапайым суреттердің мазмұнын түсініп, кейіпкерлердің әрекеттерін қайталап ойнай алады.
Көркем әдебиет	Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдауын дамыту.	Балалар жас ерекшеліктеріне сай көркем шығармаларды түсініп тыңдайды, ойыншықтар мен көрнекі құралдарды қолданып оқуды жақсы меңгереді.
Сенсорика	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.	Геометриялық фигураларды, олардың пішіні, түсі мен өлшемі бойынша айыра біледі, заттарды топтастырып, салыстыра және іріктей алады.
Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинауын пысықтау.	Балалар үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарын танып, олардың түрлерін айыра алады. Қарапайым құрылыстарды тұрғызып, атын атай алады және бөлшектерді ұқыпты

		жинау дағдысын қалыптастырады.
Қоршаған әлеммен таныстыру	Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тануды жетілдіру. Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тануды. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. «Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен таныстыру	Балалар өз есімдерін айта алады, өзін айна мен фотосуреттен танып, заттар мен әрекеттерді суреттерден ажырата біледі. Көліктер мен жол туралы алғашқы түсініктер қалыптасады. Ересектердің еңбегіне қызығушылық пайда болады. Басқа балалармен келісіп ойнап, көмек көрсету және бірлескен қуаныш сезімін дамытады. Табиғат пен оның құбылыстарына қызығушылық танытып, «дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» ұғымдарын түсінеді.
Сурет салу	Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салуды. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізуді үйрету.	Бейнелерді қағаз бетіне орналастыру, түрлі түсті үйлестіру, дөңгелек және толқын сызықтарды салу дағдылары қалыптасады. Қаламды дұрыс ұстауды және қарапайым сызықтарды жеңіл жүргізуді үйренеді.
Мүсіндеу	Сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету.	Балалар сазбалшық пен ермексаздың қасиеттерін түсінеді, оларды дұрыс пайдалана алады. Мүсіндеудің негізгі әдістерін меңгереді: кесу, біріктіру, илеу.
Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.	Жапсыруға қызығушылық танытып, қағаздың қасиеттерін біледі. Қағазды ұсақтау, жырту, бүктеу сияқты қарапайым әдістерді қолдануды және желімсіз

		жапсыруды үйренеді.
Музыка	Музыка тыңдау: Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу. Ән айту: Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.	Балалар баяу және көңілді музыканы ажырата алады, ән айтуға қызығушылық танытып, жекелеген сөздер мен буындарды дұрыс айтады. Педагогтың дауыс ырғағына еліктеп, ересекпен бірге ән айта алады. Музыканың сүйемелдеуімен топпен қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын дамытады.

Желтоқсан айы 2025жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды кеуде тұсында аяқастыру және екі жаққа жазу Алға және екі жаққа еңкею.Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бұғу және жазу. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Негізгі қимылдар: шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып жүру. кұрсаудан құрсауға аттап өту; әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен жүгіру. доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,3-1,3 метр арақашықтыққа доптарды домалату алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-13 сантиметр) секіру Мәдени-гигиеналық дағдылар. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Шынықтыру шараларын өткізу. Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып,	Балалар қол мен дене бұлшықеттерін нығайтып, кеуде тұсында қолды аяқастыру және еңкею қозғалыстарын орындай алады. Аяқтарын дұрыс бүгіп-жазады, іш және аяқ бұлшықеттерін дамытады. Таяныштан тұрып, тартылуды меңгереді. Әртүрлі қарқынмен топпен және жеке жүруге, гимнастикалық құралдар астынан өтуге, төрттағандап еңбектеуге, доптарды домалатып алысқа лақтыруға және қос аяқпен секіруге қабілетті болады.

	негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру). Спорттық жаттығулар: Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату. Дербес қимыл белсенділігі. Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.	
Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп артикуляциялық гимнастика жасау Сөздік қорды қалыптастыру. Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіруін үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.	Балалар сөйлеу дыбыстарын дұрыс, анық және дұрыс ырғағында айта алады; артикуляциялық гимнастика арқылы дауыстың күшін және қарқынын реттей біледі. Сөздік қоры кеңейіп, ұлттық салт-дәстүрлерге қызығушылық танытып, қамқорлыққа үйренеді. Сөздердің көпше түрін және сын есімдерді дұрыс қолданады. Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып, кейіпкерлердің әрекеттерін қайталап көрсете алады.
Көркем әдебиет	Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.	Балалар бесік жырларын, халық әндерін, ертегілер мен авторлық шығармаларды тыңдауға үйренеді,
Сенсорика	Берілген заттардың 3-2 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атауын жетілдіру.	Заттарды түсі, көлемі және өлшемі бойынша салыстырып, санын ажырата алады. Қарапайым құрылыстарды танып, құрылыс бөлшектерін

		ұқыпты жинайды.
Құрастыру	Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинауды. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қоюды жетілдіру.	Құрдастарымен бірге ойнап, құрастыру дағдыларын жетілдіреді.
Қоршаған әлеммен таныстыру	Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Есімін атағанда жауап беру,	Ересектердің еңбегіне қызығып, дұрыс пен бұрысты айыра біледі. Өз есімін, өзін айнадан және фотосуреттерден танып жауап бере алады.
Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмғасаусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру. Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпауды, жұмысты ұқыпты жасауды.	Балалар бейнелеу әрекетіне қызығушылық танытып, көркемдік қабылдаулары дамиды.
Мүсіндеу	Қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табуды. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.	Қуыршаққа арналған әшекейлерді мүсіндеуді меңгереді, заттардың ұқсастықтарын таба алады. Мүсіндеу материалдарын дұрыс қолданады, жұмыстан кейін жинауды үйренеді. Қағазды ұсақтау, жырту, бүктеу және желімсіз жапсыру әдістерін меңгереді. Фланелеграфта геометриялық фигураларды дұрыс орналастыра алады.
Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Фланелеграфта геометриялық фигураларды орналастыруын дамыту.	Ересектермен бірлесіп әрекет жасауға ынталы болады. Қағазға, құмға сурет салу кезінде ережелерді сақтайды (дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды ұқыпты ұстау).

Музыка	Музыка тыңдау: Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. Ән айту: Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу.	Балалар музыканы тыңдауға қызығушылық танытып, оны эмоционалды қабылдайды. Дыбыстардың ерекшеліктерін ажырата алады. Әнді жеке және топпен әуен мен ырғаққа сәйкес дұрыс орындайды. Қарапайым музыкалық-ырғақтық қозғалыстарды орындау дағдылары дамиды: қол айналдыру, шапалақтау, аяқ тарсылдату, айналу, дене мен бас қимылдарын дұрыс жасайды.
---------------	--	---

Қаңтар айы 2025жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу және ашу. Шалқасынан жатқан қалыптааяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып). Негізгі қимылдар: белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру тақтайдың үстімен 20 сантиметрарақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру, орнында баяу айналу. аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. доптарды бір-біріне домалату 10-13 сантиметр биіктіктен секіру Мәдени-гигиеналық дағдылар. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке	Балалардың қол-аяқ бұлшықеттері дамып, қозғалыс үйлесімділігі мен икемділігі жақсарады. Қолдарды сермеу, саусақтарды дұрыс бүгу-ашу, аяқ көтеру және қимылдарды орындау дағдылары қалыптасады. Тапсырмаларды орындауда бағыт пен нысандарды сезінуі жетіледі, кедергілерден өту, айналу, жүгіру және еңбектеу қозғалыстары жеңіл және үйлесімді орындалады. Доптарды домалату және секіру секілді негізгі спорттық дағдылар дамиды.

	келтіру. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Шынықтыру шараларын өткізу. Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру). Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау: шанаға отырып, төбешіктен сырғанауға, шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үйрету. Дербес қимыл белсенділігі. Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.	
Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. Сөздік қорды қалыптастыру. Балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы	– Дыбыстарды, сөздерді анық айтып, артикуляциялық жаттығуларды орындайды; – Бесік жырын тыңдауға қызығушылық танытады, ересектермен эмоционалды байланыс

	көретінін сездіру. Тілдің грамматикалық құрылымы Сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру Байланыстырып сөйлеу. қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.	орнатады; – Сын есімдерді зат есіммен, етістіктердің өткен шағымен дұрыс байланыстырып қолданады; – Қарапайым және күрделі сұрақтарға жауап береді, өз ойын түсінікті жеткізеді.
Көркем әдебиет	Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылыпайтуға мүмкіндік беру.	– Өлеңді педагогпен бірге қайталайды, таныс сөз тіркестерін қосылып айтады; – Заттар мен құралдарды ауызша нұсқау бойынша қолданады; – Қолдың ұсақ моторикасы, қимыл үйлесімділігі, көз бен қолдың үйлесімді жұмысы дамиды; – Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше салыстырып, зерттейді.
Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқаумен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.	– Заттар мен құралдарды дұрыс қолданады, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйеніп тапсырмаларды орындайды; – Қимыл үйлесімділігі, ұсақ моторикасы, көз бен қолдың сәйкестігі дамиды; – Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеп, салыстырады.
Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.	– Құрылыс материалдарының атауын біледі (текше, кірпіш, призма, цилиндр); – Үстел үсті және еден үстінде құрылыс жасауды үйренеді; – Құрылысты жазықтықта орналастыру тәсілдерін түсінеді.
Қоршаған әлеммен	Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу,	– Заттармен нақты

таныстыру	бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота), аңдармен (аю, қасқыр, қоян) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	әрекеттерді орындай алады (допты домалату, машинаны итеру, пирамиданы жинау); – Үй жануарлары мен аңдарды, құстарды таниды, атап, олардың ерекшеліктерін айтады;
Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.	Қаламды дұрыс ұстайды, қарапайым сызықтарды қағаз бетіне түсіре алады; – Бейнелеу әрекетіне қызығушылық танытады.
Мүсіндеу	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету. Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіруді	– Сазбалшықпен жұмыс істеудің қарапайым тәсілдерін меңгереді (илеу, бөлу, біріктіру); – Кесе, тостаған сияқты күрделі пішіндерді мүсіндеуде саусақпен тереңдетуді қолдана алады;
Жапсыру	Балаларды бейнелерді қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.	– Қағаз бетінде бейнені бөліктер арқылы құрастырады; – Түстерді ересек көмегімен таңдай алады, қарама-қарсы түстерді ажыратады.
Музыка	Музыка тыңдау: Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу. Ән айту: Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып айтуға ынталандыру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау.	– Музыкалық аспаптардың (қоңырау, фортепиано) дыбыстарын ажыратады, таныс әуендерді тани алады; – Әнді ересекпен бірге интонациямен айтуға талпынады; – Музыка ырғағына сай қимылдар жасайды, кейіпкерлердің қимылдарын келтіре алады, ойындар мен

		әндерді сахналауға қатысады.
--	--	------------------------------

Ақпан айы 2025жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	
Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы допты беріп, оңға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып). Негізгі қимылдар: Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, колдарынәртүрлі қалыпта ұстап жүру. Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-23 сантиметр, ұзындығы 2-2,3 метр) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру, заттардан (биіктігі 10-13 сантиметр) аттап жүру, орнында баяу айналу. бағытты өзгертіп, шашырап, 30-20 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 30 x 30 сантиметр модульге өрмелеу. еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттапсекіруге үйрету. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,3-1,3 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру Мәдени-гигиеналық дағдылар. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегіменретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолданабілу,	– Жалпы дамытушы жаттығуларды нұсқау бойынша орындайды; – Қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіреді, тепе-теңдікті сақтай отырып, тура жолмен, скамейкамен жүре алады; – Әртүрлі бағытта жүру және жүгіру дағдыларын меңгереді; – Модульге өрмелеу, нысанаға дәл лақтыру, секіру, аттап өту қимылдарын орындай алады.

	ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың тазаауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Шынықтыру шараларын өткізу. Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру). Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау: шанаға отырып, төбешіктен сырғанауға, шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үйрету. Дербес қимыл белсенділігі. Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.	
Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. қарапайым сөз тіркестерін (2-2 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету Сөздік қорды қалыптастыру. Меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолдануға ықпал ету. Тілдің грамматикалық құрылымы сөздердің дұрыс айтылуын жетілдіру Байланыстырып сөйлеу.	– Қарапайым сөз тіркестерін (2-3 сөз) дұрыс қайталап айтады; – Меңгерілген сөздерді сөйлеуде өз бетінше қолданады; – Сөздерді дұрыс айту

	Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атауын қалыптастыру	дағдылары дамиды; – Кітаптағы суреттерден таныс заттарды тауып, олардың атауын айта алады.
Көркем әдебиет	Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.	Суреттердің мазмұны бойынша сұрақтар қою арқылы балалардың сөйлеу дағдысын дамытуға болады. Мысалы: - «Бұл суретте не көріп тұрсың?» - «Кім суретте бейнеленген?» - «Олар не істеп жатыр?» - «Бұл қай жер деп ойлайсың?» Осылайша, балалардың ойлау қабілеті мен сөйлеу байланысы дамиды.
Сенсорика	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.	Балаларға өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды (шаршы, үшбұрыш, дөңгелек т.б.) түсі, пішіні және көлемі бойынша топтастыруды үйрету керек. Мысалы, бірдей пішіндегі, бірақ түрлі-түсті фигураларды бөліп алу немесе көлемі үлкен-кіші фигураларды салыстыру.
Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қоюды пысықтау.	алаларды үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен таныстыру маңызды. Оларға текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр сияқты пішіндерді көрсету арқылы құрылысқа

		арналған заттардың әртүрлі түрлерін үйрету керек.
Қоршаған әлеммен таныстыру	Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атауды. Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету, баланың бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдануды. Дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар, жаңбыр, жел. Қарды домалату ойнау және эксперимент жасау. Маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылауды үйрету.	Балалар өз есімі мен жасын айта алады, отбасы мүшелерін және тұрғылықты жерін танып біледі. Екі қолды үйлесімді қолдана отырып, заттармен әрекет жасайды. Әдептілік пен жанашырлық сезімдерін қалыптастырып, ата-анасын сыйлауға үйренеді. Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді түсініп, бақылау қабілеттерін дамытады.
Сурет салу	Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды уағдамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасауды. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстауды, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізуді Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеуді, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу дағдыларын дамыту.	Балалар жұмыс істеу ережелерін сақтап, ұқыпты болуды үйренеді. Қаламды дұрыс ұстап, қағазға жеңіл сызықтар жүргізуге дағдыланады. Түрлі-түсті үйлесімділікті түсініп, қарама-қарсы түстерді қолдана отырып сурет салады. Қарапайым және дәстүрлі емес тәсілдермен бейнелеу дағдыларын дамытады.
Мүсіндеу	Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдануды, қолды дымқыл шүберекпен сүртуді, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыруды, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру	Балалар мүсіндеуге арналған материалдарды дұрыс қолдануды, қолды тазалауды үйренеді. Дайын бұйымды ұқыпты орналастыруға және жұмыс соңында материалдарды жинауға дағдыланады. Қарапайым және күрделі пішіндегі

		заттарды мүсіндеу техникасын меңгереді.
Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Фланелеграфта машиналарды, үйлерді доптарды, шарларды орналастыру.	Балаларда жапсыруға деген қызығушылық қалыптасады, желімсіз жапсыру әдістерін меңгереді. Фланелеграфта машиналар, үйлер, доптар мен шарларды дұрыс орналастыру дағдылары дамытылады.
Музыка	Музыка тыңдау: Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Ән айту: әннің қайталанатын сөздерін айтуға ынталандыру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту.	Балаларды музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру, әннің қайталанатын сөздерін айтуға ынталандыру. Қимылдарды бубен, сылдырмақ, маракас сияқты музыкалық аспаптармен орындау дағдыларын дамыту.

Наурыз айы 2025жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бұғу. Негізгі қимылдар: шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру. гимнастикалық скамейканың үстімен жүру аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,3-1,3 метр арақашықтықтағы нысанаға	Жаттығулар қол білегі мен иық бұлшықеттерін нығайтуға бағытталған. Шалқасынан аяқтарды көтеру-түсіру, тізерлеп тұрып өкшеге отыру-тұру, бір аяқтың тізесін бұғу жаттығулары орындалады. Негізгі қимылдар: топпен бірге иректелген лента бойымен жүру, гимнастикалық

	(төмен, жоғары) лақтыру 10-13 сантиметр биіктіктен секіру Мәдени-гигиеналық дағдылар. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Шынықтыру шараларын өткізу. Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру). Спорттық жаттығулар: Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату. Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету. (спорт залда немесе алаңқайда) Дербес қимыл белсенділігі. Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін	скамейка үстімен жүру, аяқтың ұшымен белгі бойынша жүгіру, арқан астынан төрттағандап еңбектеу, әртүрлі қалыптардан нысанаға лақтыру және 10-13 см биіктіктен секіру жаттығулары жүзеге асырылады.
--	---	---

	(спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.	
Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету. Сөздік қорды қалыптастыру. ойыншық, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен атау дағдыларын дамыту Тілдің грамматикалық құрылымы Сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіруді үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беруге ынталандыру.	Балалардың сөйлеу дыбыстарын дұрыс айтуын, артикуляция мен дауыс аппаратының дамуын, тыныс алу мен есту қабілетін жетілдіру. Сөздік қорды ойыншық, киім, көгөніс, жеміс, үй жануарлары, көлік және гигиеналық заттардың атауларымен толықтыру. Сын есімді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіруді үйрету. Педагогтың сұрауы бойынша суреттегі таныс заттарды атауға, сұрақтарға жауап беруге және қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беруге ынталандыру
Көркем әдебиет	Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу және бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдауын дамыту.	Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес көркем шығармаларды оқу, бесік жырлары, халық әндері, ертегілер мен авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Оқуды ойыншықтар, суреттер, үстел үсті театр кейіпкерлері және басқа көрнекі құралдар арқылы қолдау, сондай-ақ көрнекіліксіз көркем шығармаларды тыңдау дағдыларын дамыту.

Сенсорика	Берілген заттардың 3-2 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыруды заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атауды. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.	Балаларға заттардың түсі, көлемі, өлшемі сияқты 2-3 сенсорлық қасиеттеріне қарай таңдау жасауға үйрету. Әртекті заттарды салыстыра отырып, заттардың санын ажырата білу (біреу немесе көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау дағдыларын дамыту.
Құрастыру	Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.	Балаларды қарапайым құрылысты үлгі бойынша ересектің көмегімен және өз бетінше құрастыруға үйрету. Кеңістік қатынастарды түсінуді дамыту.
Қоршаған әлеммен таныстыру	Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау, әр баланы басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету. Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға) Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін таныстыру. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.	Баланың жеке тұлғасын құрметтеу арқылы мүдделерін, қажеттіліктерін, мүмкіндіктерін ескеріп, әр баланың сүйікті әрі бағаланатын екенін сезінуін қалыптастыру. Кейбір еңбек әрекеттерін танып-біліп, атауға үйрету (мысалы, тәрбиешінің көмекшісі ретінде ыдыс жуу, тамақ әкелу, сүлгілерді ауыстыру). Моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруге ықпал ету. Жануарлар әлемі мен табиғат құбылыстарына алғашқы қызығушылықты ояту; аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға) тануға үйрету.

		Жолдағы қауіпсіздік ережелерінің қарапайым негіздерін таныстыру, көліктер мен көше туралы бастапқы түсініктер беру, көлік түрлерімен таныстыру.
Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмғасаусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыруға ынталандыру.	Балалардың бейнелеу әрекетіне қызығушылығын арттыру және көркемдік қабылдауларын дамыту. Ересектермен бірлесіп шығармашылық әрекетке ынталандыру. Қағазға немесе құмға саусақпен сурет салу арқылы еркін шығармашылықты қолдау және ересектер салған суретті толықтыруға талпындыру.
Мүсіндеу	Мүсіндеуде қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат), және басқа заттардың ұқсастықтарын таба білуді үйрету.	Балаларға қуыршаққа арналған әшекейлердің (білезік, жүзік, қол сағат) және басқа заттардың ұқсастықтарын табуға үйрету. Қағаздың қасиеттерін түсіндіру және оны ұсақтау, жырту, бүктеу сияқты қарапайым әдістерін меңгерту. Бейнелерді қағаз бетінде сызықтар мен шаршылар арқылы құрастыруға, кескіндерді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден) және ересектермен бірге қарама-қарсы түстерді таңдауға баулу.
Жапсыру	Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік	Балаларға қағаздың

	қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу) үйрету. Бейнелерді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.	қасиеттерін таныстырып, оны ұсақтау, жырту, бүктеу сияқты қарапайым әдістерін үйрету. Қағаз бетінде сызықтар мен шаршы түріндегі бейнелерді орналастырып, оларды конструктивті тәсілмен — жеке бөліктерден құрастыруға үйрету. Ересектермен бірге қарама-қарсы түстерді таңдап, түс үйлесімін игеруге ықпал ету.
Музыка	Музыка тыңдау: Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. Ән айту: әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.	Музыка тыңдау барысында кейіпкерлерді иллюстрациялар мен әңгімелер арқылы танып, музыканы есте сақтауға ықпал ету. Ән айтуда қайталанатын сөздер мен музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.

Сәуір айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу және ашу. Алға және екі жаққа еңкею. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бүгу және жазу. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу Негізгі қимылдар: бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге): тұру, қолдарын жоғары көтеру,	Жалпы дамытушы жаттығулар арқылы балалардың қол, саусақ және аяқ бұлшықеттерін нығайтып, дене икемділігін арттыруға бағытталған. Қолды шапалақтау, сермеу және саусақтарды жаттықтыру қозғалыстарды

	түсу; шашырап, 30-20 секунд бойына тоқтамай жүгіру Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 30 x 30 сантиметр модульге өрмелеу. Түрлі заттардың астынан 0,3-1,3 метр арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату. Еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттапсекіруге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарак, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың тазаауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Шынықтыру шараларын өткізу. Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбандап жүру). Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке	жетілдіреді. Алға және екі жаққа еңкею, аяқтарды кезекпен бүгу мен жазу — бұлшықеттердің икемділігі мен тепе- теңдікті дамытады. Негізгі қимылдарда балалар бір-бірімен қол ұстасып, аяқтың ұшымен жүруді, гимнастикалық скамейкаға шығу мен түсу, тоқтамай жүгіру сияқты қозғалыстарды орындайды. 10 см биіктіктегі модульге өрмелеу, доптарды домалату және секіру арқылы моторика және координация жақсарады. Бұл жаттығулар балалардың қозғалыс қабілеттерін кешенді түрде дамытады.
--	--	--

	отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету. Дербес қимыл белсенділігі. Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.	
Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-2 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Сөздік қорды қалыптастыру. заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы Сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. Байланыстырып сөйлеу. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.	Балаларды еліктеу сөздерін, қарапайым сөздерді және 2 сөзден тұратын тіркестерді дұрыс қайталап айтуға үйрету арқылы сөйлеу дыбыстық мәдениетін дамыту. Сөздердің дұрыс айтылуын бақылап, зат есімдердің көпше түрін және олармен сәйкестенетін сын есімдерді дұрыс қолдануға назар аудару. Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру дағдыларын қалыптастыру, кейіпкерлердің әрекеттерін қайталап ойын арқылы бекіту.
Көркем әдебиет	Оқып беруде ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдауын дамыту. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.	Балаларға оқуды ойыншықтар, суреттер, үстел үсті театры кейіпкерлері және басқа көрнекі құралдар арқылы қолдау көрсетіп, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығармаларды тыңдауға үйрету. Педагогтің көмегімен

		өлеңдерді толық қайталауға ынталандыру.
Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқаумен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Берілген заттардың 3-2 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атауын пысықтау.	Қолдың бұлшықеттері мен «көз бен қолдың» сенсомоторлық үйлесімділігін дамыту. Заттардың 2-3 сенсорлық қасиеттеріне (түс, көлем, өлшем) қарай таңдау жасауға, әртүрлі заттарды салыстырып, олардың санын (біреу-көп) ажырата білуге, әртүрлі көлемдегі заттардың атауын пысықтауға үйрету.
Құрастыру	Табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинауды. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қоюын қалыптастыру.	Балаларға табиғи материалдармен (құм, су, тас) еркін ойнауға мүмкіндік беру. Қарапайым тұрғызылған құрылыстарды атауды үйрету және құрылыс бөлшектерін қорапқа ұқыпты жинауға дағдыландыру. Құрдастарымен бірге құрастыруға, бірге ойнауға баулу, қарапайым құрастыру дағдыларын — заттарды үстіне және жанына қоюды пысықтау.
Қоршаған әлеммен таныстыру	Үй құстарын (тауық, қаз, үйрек), Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, суық қар) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, тасты жинау, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасауды ұйымдастыру.	Балаларға үй құстары (тауық, қаз, үйрек), өлі табиғат заттары (жылы, суық су, құрғақ және ылғал құм, домалақ, қатты тас, суық қар) туралы негізгі түсініктерді қалыптастыру. Оларды зерттеу, су

		күю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, тасты жинау және қалау сияқты әрекеттермен таныстырып, ойнау мен қарапайым эксперименттер ұйымдастыру арқылы жан-жақты меңгеруге мүмкіндік беру.
Сурет салу	Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білуді, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеуді, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салуды дамыту.	Балаларға бейнелерді парақ бетіне орналастыруды, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы дұрыс беруді үйрету. Сонымен қатар, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды салу дағдыларын қалыптастырып, дәстүрлі емес әдістермен сурет салуға ынталандыруды дамыту.
Мүсіндеу	Сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдетуді, кесектерді біріктіруді мүсіндеуге арналған материалдарды қолдануды жетілдіру	Балаларға сазбалшық пен ермексаздың қасиеттері туралы түсінік беру, сазбалшықты дұрыс қолдану дағдыларын дамыту. Пішіннің жоғарғы бөлігін саусақпен басып тереңдету, кесектерді біріктіру сияқты мүсіндеудің техникалық тәсілдерін меңгерту арқылы мүсіндеу материалдарымен жұмыс істеу шеберлігін жетілдіру.
Жапсыру	Бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды,	Балаларды фланелеграфта бейнелерді (сызықтарда, шаршыда) орналастыруға және қағаз бетінде

	гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру дағдыларын пысықтау.	жекелеген бөліктерден конструктивті тәсілмен құрастыруға үйрету. Ересектермен бірге қарама-қарсы түстерді таңдау арқылы түстерді үйлестіру дағдыларын дамыту.
Музыка	Музыка тыңдау: Эннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу. Ән айту: Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, эннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту.	Музыка тыңдау арқылы балалар эннің мағынасын түсініп, қоңырау мен фортепианоның дыбыстарын ажырата біледі, таныс әуендерді тыңдап танып үйренеді. Ән айтуда ересектің дауыс ырғағы мен аспаптың үнін ескере отырып, қайталанатын сөздер мен музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталанады.

Мамыр айы 2025жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар Қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. Солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптанбұрылып, етпетінен жату және керісінше; иықтарды жоғары көтеріп, қолды жан-жаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта) Қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру; Негізгі қимылдар: сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру; алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура жүгіру.	Саппен бір-бірден және жұппен жүру, алаңның әр түрлі бағыттарында тура жүгіру; аяқтарын алшақ қойып отырып, допты домалату; доғаның астымен еңбектеу (биіктігі 20 см); 13-20 см биіктіктен секіру; саппен шеңберде өз орнын табуға үйрету.

	аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,3–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне домалату доғаның астымен (биіктігі 20 сантиметр) еңбектеу. 13-20 сантиметр биіктіктен секіру саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. Қимылды ойындар Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату. Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. Салауатты өмір салты дағдыларын	
--	---	--

	қалыптастыру. Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру. Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау.	
Тіл дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айтуды меңгерту. Сөздік қор. тұсау кесу дәстүріне байланысты сөз тіркестерін меңгерту Тілдің грамматикалық құрылымы.	Сөйлеудің дыбыстық мәдениетінде дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айтуға, артикуляцияны нақтылауға және сөйлеу қарқынын өзгертуге (баяу

	Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды және зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдануды үйрету. Байланыстырып сөйлеу. таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.	сөйлеу) үйретіледі; жаңылтпаштар айтуды меңгерту арқылы артикуляциялық аппарат дамытылады. Сөздік қорды тұсау кесу дәстүріне байланысты сөз тіркестері арқылы байыту жоспарланады.
Көркем әдебиет	Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу	Ересектермен бірге ертегілер мен қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ынталандыру; жеке репликаларды айтуға және кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.
Сенсорика	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.	Әр түрлі өлшемдегі геометриялық фигураларды және түсі, пішіні бойынша ерекшеленетін заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі фигураларды негізгі түсі мен ұқсас қасиеттеріне қарай салыстыру мен іріктеуді жетілдіру. Балаларға заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеп, салыстыруға мүмкіндік беру.
Қоршаған әлеммен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі. жақындарына қамқорлық танытуға баулу. Заттық әлем. заттардың атқаратын қызметтерін түсінуін меңгерту Көлік, байланыс құралдары. жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру	Баланың отбасы мен үйін танып, жақындарына қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. Заттардың қызметін түсінуге, көлік пен байланыс құралдарын, жолаушыларға

	Еңбекке баулу. Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамытуды жетілдіру Менің Отаным – Қазақстан. Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету. Өсімдіктер әлемі. кейбір көгөністер мен жемістердің түрін тану және атау, қарапайым түсініктерді қалыптастыру пысықтау. Жануарлар әлемі. Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.	арналған қарапайым ережелерді үйрету. Еңбекке баулу арқылы шығармашылық жұмысты қадірлеу, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
Құрастыру	Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру дағдыларын пысықтау.	Құрастыруда бөлшектерді дұрыс орналастыруды, кірпіштерді қалау мен пластиналарды тігінен және көлденең қоюды меңгерту, ірі және ұсақ материалдардан үлгі бойынша және ойдан құрылыс жасау дағдыларын жетілдіру.
Сурет салу	Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды пысықтау. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер менолардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды дамыту. Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.	Сурет салуда қарындаш пен қылқаламды дұрыс ұстау, қатты қыспауға үйрету. Бір немесе бірнеше заттың суретін қайталап салу арқылы қарапайым сюжеттік композициялар құруға, тұтас қағаз бетіне бейнені орналастыруға дағдыландыру. Қызыл, сары, жасыл,

		көк, қара, ақ негізгі түстер мен реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды дамыту.
Мүсіндеу	Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіруді. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.	Қазақ халқының дәстүрлі әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстырып, мүсіндеу әдістерін пайдалана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды жасауға, оларды таяқшамен безендіруге үйрету. Жеке жұмыстарды біріктіріп ұжымдық композиция жасауға баулу.
Жапсыру	Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану. Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасауды үйрету.	Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламмен мұқият жағып, дайын үлгіге біркелкі жағу, желімнің артық қалдықтарын майлықпен сүртіп алу дағдыларын қалыптастыру. Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына және бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша немесе орамал тәрізді бұйымдар жасауға үйрету.
Музыка	Музыка тыңдау Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуына ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ән айту. Ересектердің дауысына ілесе отырып,	– Музыкалық шығармаларды иллюстрациялармен салыстырып, мазмұнын түсіне біледі; – Музыкалық ойыншықтар мен

	олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанды ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.	аспаптардың дыбыстарын ажыратып, атай алады; – Ересектермен бірге ән бастап, бірге аяқтай алады; – Таныс би қимылдарын өз бетінше орындайды, ойындарда қолданады; – Музыкалық аспаптарда қарапайым ырғақпен ойнай алады (сыбызғы, маракас, барабан т.б.).
--	---	---